

Қазақ орман шаруашылығы басшы қызметкерлері мен мамандарының біліктілігін арттыру институтын тарату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 сәуірдегі N 454 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Қазақ орман шаруашылығы басшы қызметкерлері мен мамандарының біліктілігін арттыру институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) т а р а т ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Кәсіпорынды таратуды жүзеге асырсын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 6 сәуірдегі
N 454 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер**

1 . < * >

*Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.03.09.
N 291 қаулысымен .*

2 . < * >

*Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.02.09.
N 124 қаулысымен .*

3. "Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитеті мен оның карауындағы жекелеген ұйымдардың мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 ақпандағы N 198 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ - ы, 2000 ж., N 5-6, 74-құжат):

көрсетілген қаулының 2-қосымшасында:

"Қазақ орман шаруашылығы басшы қызметкерлері мен мамандарының біліктілігін

арттыру институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны" деген жол
а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

4. "2000-2001 жылдары жекешелендіруге жататын республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 маусымдағы N 912 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 27, 312 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген 2000-2001 жылдары жекешелендіруге жататын республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі" бөлімі және 35-жол алынып тасталсын.